

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 698 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызметті кәсіби мамандармен қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" РМҚК) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырсын;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігін "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" РМҚК-ның мемлекеттік басқару органы деп белгілесін;

3) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" РМҚК құрылымында Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебін құруды қамтамасыз етсін;

4) бұрын шығарылған өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

5) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 1611 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 29, 362-құжат; 2006 ж., N 26, 265-құжат):
1 - тармақ алып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 және 2005 жылғы 8 шілдедегі N 1611 жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 145 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 26, 265-құжат):

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

3. Осы Жарлық, "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" РМҚК-ның әділет органдарында тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК